

АНЫҚТАМА

«Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК
қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген
ішкі талдау нәтижелері туралы

23 тамыз 2023 жыл

Атырау қаласы

«Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының қызметінде (бұдан әрі-Орталық) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары - «Жұмыс тобын құру туралы» 11.08.2023 жылғы №90 н/қ бұйрыққа сәйкес келесідей құраммен жүргізілді.

Умарова Гульнар Акмагамбетовна - аудит
Кистаубаев Кайрбай Сайнович – комплаенс-офицер
Баянова Майра Темирхановна – заңгер
Кабинова Балкенже Муслимовна- кадр жөніндегі маман
Хайруллина Нурбигуль Тукашевна – бас есепші
Бурашева Рая Кайржановна – бас мейіргер
Какимова Жанаргуль Айжариковна - мемлекеттік сатып алу бойынша маман

Негіздеме: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 5-тармағы, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі Төрағасының 19.10.2016-ғы №12 бұйрығының 2-тарауы мен орталық директорының 11.08.2023-ғы №89 н/қ бұйрығы.

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептердің туындау мүмкіндігін анықтау, зерделеу және олардың салдарларын жою.

Кезеңі: 01.01.2023-01.08.2023 жыл.

Мерзімі: 11.08.2023-31.08.2023 жыл.

Бағыты:

1. Орталық қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Орталықтың ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
 - 2.1. персоналды басқару, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау және мүдделер қақтығысын реттеу.
 - 2.2. мемлекеттік қызметтер көрсету, анықтамалар беру функцияларын іске асыру;
 - 2.3. бюджет қаражатын игеру және бөлу;
 - 2.4. мемлекеттік сатып алу рәсімдері, жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
 - 2.5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі.

Талдау объектісі туралы мәлімет

Толық атауы: Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының «Жұқтырылған имун тапшылығы синдромына (бұдан әрі - ЖИТС) қарсы күрес және алдын алу жөніндегі облыстық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны.

Құрылтайшысы: Атырау облысының әкімдігі.

Басқару органы: «Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы» ММ.

Миссиясы: ЖИТС және АИТВ жұқпасының алдын алуды, диагностикалауды және емдеуді ұйымдастыру, АИТВ жұқпасының таралу деңгейін төмендету және ескертуге бағытталған кешенді іс-шараларды өткізуді ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады.

Нормативтік құқықтық актілер: орталық - өз қызметінде ҚР Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексін, ҚР Азаматтық және Еңбек Кодекстерін, ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Орналасқан жері: индекс 060009, Атырау қаласы, Л.Владимирский көшесі 22 Б құрылыс.

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Жүргізілген ішкі талдау нәтижесімен емхананың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар /лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша шешім қабылдауына әсер ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтарын жүзеге асыруына кедергілер жасауға ықпал ететін ережелер, заңдылықтарды еркін түсіндіру мүмкіндігін тудыратын құқықтық олқылықтар/ анықталған жоқ.

2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

2.1. Персоналды басқару, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау және мүдделер қақтығысын реттеу.

Емхана құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес белгіленеді.

Қазіргі уақытта штаттық саны 86,5. Оның ішінде дәрігерлер саны – 24, орта буын қызметкерлері - 22, кіші буын қызметкерлері – 8, басқа персоналдар – 32,5.

Анықтама: әкімшілік персоналы – 18,5, шаруашылық персоналы - 14,5, жалпы медициналық персонал – 7, ұйымдастыру-әдістемелік бөлімі – 2, клиникалық-диагностикалық зертхана – 14, эпидемиологиялық бөлім – 5,5, профилактикалық жұмыс бөлімі – 8, емдеу-профилактикалық жұмыс бөлімі – 14,5, информатика және АИТВ инфекциясына компьютерлік қадағалау бөлімі – 2,5

2023 жылдың өткен кезеңінде 2 қызметкер жұмысқа қабылданып, 3 қызметкер жұмыстан босатылған.

Орталықтың жұмыскерлері мен олардың жұбайларының «Активтері мен міндеттемелері туралы» 250.00 нысанды декларацияның тапсырылуы қамтамасыз етілген.

Аталған мерзім ішінде орталық қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге, сондай-ақ әдептілік нормалары мен мінез-құлық қағидаларының талаптарын бұзу жағдайларының орын алуына жол берілмеген.

Бұқаралық ақпарат құралдарында орталық қызметкерлерінің әрекетіне қатысты /оның ішінде интернет-ресурстарында, әлеуметтік желілерде, facebook, Instagram парақшаларында/ сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын сыни немесе жағымсыз материалдар жарық көрмеген.

Орталықтың ресми сайтына 11 тамыз 2023 жылы жарияланған /жүргізілетін ішкі талдау жұмыстары жөніндегі/ хабарландыру бойынша да қандай да бір ақпараттар келіп түспеген.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша жемқорлық тәуекелдігіне шалдыққан тұлғалар, мүдделер қақтығысының, оның ішінде лауазымды тұлғаның жеке мүдделері олардың өз міндеттерін немесе өкілеттіктерін тиісті, объективті және бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайлар және қызметкерлердің үлестес болу /аффилированность работников/ фактілері анықталған жоқ.

2.2. Мемлекеттік қызметтер көрсету, анықтамалар беру функцияларын іске асыру

Талдау кезеңінде орталықпен «АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-211/2020 бұйрығына сәйкес, жалпы сомасы 149 357 987 теңгенің 69 846 мемлекеттік қызметтері көрсетілген.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.3. Бюджет қаражатын игеру және бөлу.

2023 жылға жергілікті бюджеттен - 132 406 000 теңге бөлініп, оның 96 703 000 теңгесі игерілген.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ 361 903 000 теңге бөлініп, 264 551 978 теңгесі игерілген, ай соңындағы қалдық қаражат көлемі 1 500 000 теңгені құрайды.

Ақылы қызметтен түскен қаражат мөлшері - 15 902 000 теңге, қалдығы 94 000 теңгені құрайды.

Емхана жұмыскерлерін көтермелеу /оның ішінде сыйлықақылар беру, материалдық көмектер көрсету/ тәртібі - орталықта құрылған тұрақты комиссиямен жан-жақты қаралып, объективті түрде берілетін баға /шешім/ негізінде жүзеге асырылған.

2.4. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері, жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Орталықпен 2023 жылға тауарларды жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары жасақталып, «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ (бұдан әрі - ӘМСҚ) - мемлекеттік сатып алудың 217 түрі бойынша жалпы сомасы 265 045 194 теңге, бюджеттен тыс қаражат есебінен - мемлекеттік сатып алудың 49 түрі бойынша жалпы сомасы 13 436 117 теңге, жергілікті

бюджеттен - мемлекеттік сатып алудың 26 түрі бойынша жалпы сомасы 6 606 360 теңге бекітілген.

Оның ішінде **ӘМСҚ бойынша:** тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілі негізінде - жалпы сомасы 79 822 352 теңгенің 17 келісім-шарты, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - жалпы сомасы 39 938 515 теңгенің 65 келісім-шарты, электрондық дүкен арқылы - жалпы сомасы 2 676 053 теңгенің 17 келісім-шарты, конкурс тәсілімен - жалпы сомасы 1 852 726 теңгенің 3 келісім-шарты, негіздемелік келісім бойынша - жалпы сомасы 613 770 теңгенің 3 келісім-шарты, бірыңғай дистрибьютер арқылы - жалпы сомасы 120 329 654 теңгенің 6 келісім-шарты, бір көзден сатып алу тәсілі негізінде - жалпы сомасы 10 809 103 теңгенің 20 келісім-шарты, тендер бойынша 6 250 000 теңгенің 1 келісім-шарты, **жергілікті бюджет есебінен:** баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - жалпы сомасы 3 787 860 теңгенің 11 келісім-шарты, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілі негізінде - жалпы сомасы 1 026 000 теңгенің 2 келісім-шарты, электрондық дүкен арқылы - жалпы сомасы 91 999 теңгенің 1 келісім-шарты, **бюджеттен тыс қаражат есебінен:** бір көзден сатып алу тәсілі негізінде - жалпы сомасы 3 107 332 теңгенің 5 келісім-шарты, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - жалпы сомасы 4 551 934 теңгенің 16 келісім-шарты, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілі негізінде - жалпы сомасы 1 213 971 теңгенің 3 келісім-шарты, электрондық дүкен арқылы - жалпы сомасы 900 135 теңгенің 6 келісім-шарты жасақталған.

2023 жылдың шілде-тамыз айларында орталықпен әлеуетті өнім берушілерді жосықсыз деп тану жөнінде сот органдарына 2 талап арыз жолданылған.

Атап айтқанда, «Аружан Батан» жеке кәсіпкерлігі - Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасының талаптарын сақтамағаны /яғни, жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамағаны/ үшін және «Ұлдана Мұсабекқызы» жеке кәсіпкерлігі – осы Заңының 44-бабының 1-тармағының талаптарын /яғни, жеңімпаз деп танылып, Заңда белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбағаны немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізбегені/ бұзғаны үшін Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2 талап арыз беріліп, қазіргі уақытты қаралу кезеңінде.

2.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі

Орталық директорымен 04 мамыр 2023 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат, корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық бекітілген.

Ағымдағы жылдың ақпан айында емхана қызметкерлері арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» бағытындағы анонимдік сауалнама жүргізілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ұжымдық кездесулер әр тоқсан сайын /04 мамыр 2023 жылы, 09 тамыз 2023 жылы/ тұрақты түрде ұйымдастырылған.

Кездесу барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары, қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың

профилактикасы мен оған қарсы күрес мәселелері бойынша құқықтық түсіндіру және оқыту іс-шаралары жүргізілген.

Комплаенс-менеджері «ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент және комплаенс» циклі бойынша біліктілігін арттыру курсынан өткізілген.

ҚОРЫТЫНДЫ:






- Талдау нәтижесі бойынша «Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

ҰСЫНЫС:

- Өз құзыреті шегінде орталықтың әрбір қызметкері сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, алдын алуға және оған жол бермеуге;
- Ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға;
- Бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсауға;
- Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу барысында заң бұзушылықтарға жол бермеуге;
- Ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау үшін орталықтың ресми сайтына орналастыруға.

Жұмыс тобының мүшелері:

Аудит
Комплаенс-офицер
Заңгер
Кадр жөніндегі маман
Бас есепші
Бас мейіргер
Мемлекеттік сатып алу бойынша маман

 Г. Умарова
 К. Кистаубаев
 М. Баянова
 Б. Кабирова
 Н. Хайруллина
 Р. Бурашева
 Ж. Какимова

«Келісілді»

«Облыстық АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» ШЖҚ КМК директоры

 К. Нурмуханов